

Мәртөк ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 206 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 маусымда № 6223 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі «Автомобиль жолдары туралы» Заңының 3 бабының 7 тармағына, 6 бабының 2 тармағына сәйкес, Мәртөк ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мәртөк ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мәртөк ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 402 «Мәртөк ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы» (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5120 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 11 қарашада жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. «Мәртөк аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Мәртөк ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары И.Еспағанбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 5 тармақ орыс тілінде жаңа редакцияда, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 10.03.2021 № 46 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Аудан әкімі Е. Кенжеханұлы

Келісілді:

«Ақтөбе облысының жолаушылар
көлігі және автомобиль жолдары
басқармасы» ММ басшысының
міндетін атқарушы

_____ Н. Аспенов

«__» _____ 20__ жыл

Мәртөк ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 30 мамырдағы
№ 206 қаулысына қосымша

**Мәртөк ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль
жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің
10.03.2021 № 46 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік
он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р/с	Автожолдың индексі	Автожолдың атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KD-MA-1	«Мәртөк-Дмитриевка-Байторысай-Полтавка» 0-44,275 км	44,275
2	KD- MA -2	«Мәртөк-Ақтөбе тас жолынан Вознесеновка-Жаңажол» 0-33 км	33
3	KD- MA -3	«Байторысай-Шевченко-Қызылжар-Бөрте» 0-43,825 км	43,825
4	KD- MA -4	«Достық ауылына кіре беріс» 0-12 км	12
5	KD- MA -5	«Мәртөк-Қаратаусай-Аққайың» 0-44 км	44
6	KD- MA -6	«Жайсаң-Көкпекті» 0-7 км	7
7	KD- MA -7	«Құрмансай-Шанды-Егізата» 0-39 км	39
8	KD- MA -8	«Құрмансай ауылына кіре беріс» 0-28,315 км	28,315
9	KD- MA -9	«Покровка ауылына кіре беріс» 0-9,1 км	9,1
10	KD- MA -10	«Мәртөк-Ақтөбе тас жолынан Қаратоғай ауылына кіре беріс» 0-6 км	6
11	KD- MA -11	«Мәртөк-Ақтөбе тас жолынан Мәртөк ауылына кіре беріс» 0-6 км	6
12	KD- MA -12	«Жайсаң ауылына кіре беріс» 0-3,21 км	3,21
13	KD- MA -13	«Сарыжар ауылына кіре беріс» 0-4,56 км	4,56
Барлығы			280,285